



Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

АПАТТЫ ҮЙДЕГІЛЕР БАСПАНАСЫЗ ҚАЛМАЙДЫ

Өткен аптада қалаға жаңа әкім тағайындалғаны белгілі. Осы уақытқа дейін шаһардың тыныс-тіршілігінен хабары бар қала әкімі Серік Қожаниязов жұмысын облыс орталығын аралаудан бастады. Әкім қалада біраз жылдан бері қараусыз қалған нысандар мен апаттық үйлерге барды, тұрғындармен де тілдесті.



ЗАУЫТ ҚАҢҚАСЫ ҚАҢЫРАП ТҮР


Қалаға кіре берісте халық арасында «ЦКЗ» аталып кеткен зауыттың орны бар. Тұрғындар ол жерді жақсы біледі. Сырттай қарағанда көзге ерсі көрінетіні рас. Мұны қалаға енді тағайындалған әкім де байқаған сыңайлы.

Ең алдымен қала басшысы бұрынғы целлюлоза-картон зауыты ескі ғимаратының аумағына барып, зауыт қаңқасын жедел сүру бойынша қажетті шараларды пысықтады. Өйткені ескі зауыттың қаңқасы тұрғындарға қауіп төндіріп, қаланың сәулеттік келбетіне нұқсан келтіруде.

Кезінде целлюлоза-картон зауыты 1958 жылы жұмысын бастаған. Шикізат ретінде Сырдария өзені мен Қараөзек алқаптарындағы қамыстарды пайдаланды. Зауытта екі жарым

мыңнан астам адам жұмыс істеген. Өндіріс қуатын, өнім көлемін арттырумен қатар тұрғын үй, әлеуметтік тұрмыстық құрылыстар салуды жүргізді. Зауыт 1994 жылы нарықтық экономика жағдайына бейімделіп, қағаз шығаруға мәжбүр болды. Содан кейін қажетті жабдықтардың болмауы және көптеген себептерге байланысты зауыт жұмыс істеуін тоқтатқан.

4-БЕТТЕ



МОРАТОРИЙ: КӘСІПКЕРГЕ ҚАУІП ТӨНІП ТҮР МА?

Жыл басындағы жаңалықтың бірі – мораторий мәселесі. Қазақстанда шағын және орта бизнесті дамыту үшін 2020 жылы оларды тексеруге үш жылдық мораторий жарияланды. Оның мерзімі былтыр ұзартылған. Бастапқыда мораторий 2023 жылғы қаңтарда аяқталады деп жоспарланған. Алайда былтыр Мемлекет басшысы оның мерзімін тағы бір жылға ұзартты. Осылайша шағын бизнесті тексеруге мораторий 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап аяқталды. Ал кәсіпкерлерді не күтіп тұр? Олардың алаңдауына себеп бар ма?

Үкімет басшысы не деді?

Премьер-министр Әлихан Смайылов былтыр желтоқсан айының соңында «24kz» телеарнасына берген сұхбатында адал кәсіпкерлердің алаңдауына еш негіз жоғын айтты.

– Бизнес қауымдастықпен бірлесіп, кәсіпкерліктің дамуына кедергі келтіретін шектен тыс талаптарды анықтау бойынша үлкен жұмыс атқардық. Нәтижесінде 10 мыңнан астам негізсіз талапты анықтадық. Бүгінде оның 9 мыңының күші жойылды. Қалғаны келер жылдың басында Парламентте тиісті заң қабылданғаннан кейін алынып тасталады, – деді Ә.Смайылов.

Оның айтуынша, тәуекелдерді басқару жүйелерін автоматтандыру бойынша да жұмыстар жүргізілді. Бұл адами факторды жою отырып, тексеруді жоспарлауға мүмкіндік береді. Олардың саны 2 есеге қысқарады. Жалпы заңға бағынатын кәсіпкерлерге әкімшілік қысым азаяды. «Ендеше мораторий аяқталған соң елде жаппай тексерулер болмауы керек. Адал кәсіпкерлердің алаңдауына еш негіз жоқ», – деді Үкімет басшысы.

Расында да, кәбісін адал атқарып отырғандарға қауіп жоқ. Сонда да кәсіпкерлерді не күтіп тұр?

2-БЕТТЕ



ОТАН ДЕП СОҚҚАН ЖҮРЕК

Қазақстан Республикасы Президенті архивінің қор құрушыларының қатарында Жамалбек Шәймерденов те бар. 2013 жылдың 30 қаңтарында Меңдіғаним Жамалбекқызы архив басшылығымен келісімге келіп, әкесінің құжаттарын мемлекеттік сақтауға өткізді. Жамалбек Шәймерденовты Шәймерденовтің 1939–2013 жылдар аралығындағы құжаттары қабылданды. Оның қатарында: Ж. Шәймерденовтің жеке ісі, өмірбаяны, еңбек кітапшасы, жұмыс орнынан анықтамалар, Жамбыл облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының «Ж. Шәймерденовті Шу ауыл шаруашылығы инспекциясының бастығы етіп тағайындау туралы» бұйрығы сияқты еңбек жолын айғақтайтын деректер бар. Сонымен қатар «КСРО халықтық бақылау органдарындағы белсенді қызметі үшін құрмет белгісімен марапатталғандығы туралы куәлігі, кеңестік органдардағы ұзақ жылдар бойғы адал жұмысы үшін берілген Қазақ КСР, БЛКЖО ОК Құрмет грамоталары қабылданды. Қазақстан КП Орталық Комитетінің пленумдарына рұқсатнамалар (пропуск), ресми, одақтық, республикалық, халықаралық деңгейде өткізілетін іс-шараларға КОКП ОК, КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының, Алматы қалалық партия комитетінің шақырулары жинақталған. Ж. Шәймерденовтің жеке қорындағы эпистолярлық деректер де оның еңбек жолын көрсетуге бағдар береді. Түрлі жиналыстарға, мәжілістерге, ресми іс-шараларға шақырған Қазақстан КП ОК, Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің үкіметтік желіхаттары оның қызметінен хабарлар етеді.

2-БЕТТЕ



Йемен: Жол мен жаза

Таяу Шығыстағы теңіз жолы – әлемдік сауданың күретамыры. Аңызға айналған Суэц каналына апаратын жалғыз жол да осы тұстан өтеді. Алайда Израиль мен Палестина арасында жанжал басталғалы теңіз жолын торуылдау, жүк кемелеріне шабуыл күшейген. Йемендегі хусит секілді террористік ұйымдар кемелерді атқылап, еврейлер мен батыс елдеріне қыр көрсетуде. Көп ұзамай, мұндай қадамның соңы АҚШ пен Ұлыбританияның Йеменде арнайы операция бастауына әкеліп соқты.



Геосаяси ортада ештеңе кездейсоқ болмайтынын білеміз. АҚШ та алды-артын жоспарлап, 3–4 ай бұрын Қызыл теңізге әскери кемелерін кіргізді. Тіпті НАТО-дағы жақтастарының қарулы тобы жанына шоғырланған. Израиль Газа секторына басып кіргелі тек сырттай бақылап, екі тараптың қақтығысына араласпады. Әрі кетсе, Ливан мен Сирия тарапынан жіберілген ракеталарды Израиль жеріне жеткізбей жоюмен шектелген. Бірақ идеологиялық тұрғыдан жақтас болғанымен, Газа секторына енебді.

Ал Йеменге әуе соққысын жасауына не себеп? Неліктен НАТО Израильге қарсы елдер арасынан осы мемлекетті «төмпештеуде»? Суэц арнасынан өтетін кемелерге қарақшылық жасаған өзге содырлар не үшін жазасыз қалды? Аталған сауалдар тақырыпқа жаңа қырынан қарауға септесері сөзсіз.

BBC арнасының тілшісі Фейсал Ислам Йемендегі әскери операция басталғалы үздіксіз хабар таратып келеді. Оған қоса арнаның ресми сайтында зерттеу мақаласын жариялап, оқиганың бағыт-бағдарынан ақпар беруде. Оның сөзіне сенсек, АҚШ-ты мұндай қадамға жетелеген экономикалық жағдай. Суэц каналы қауіпті болғандықтан әлемдік сауда жолында өзгеріс пайда болған. Еуропаға келетін шикізат пен тауардың басым дені амалсыз Африканы айналатын жолды таңдауда. Бұл жолдағы уақытты созып, шығынды көбейткен көрінеді.

«Хуситтер 19 қарашадан бері Қызыл теңіздегі кемелерге 25 шабуыл жасаған. Соңғы ауқымды шабуыл 9 қаңтарда (2023 жыл - ауд.) болған еді. Суэц каналында жағдай ұшыққалы Еуропадағы шикі мұнайдың баррелі 10 долларға, табиғи газдың бағасы 25 пайызға артты. АҚШ пен Ұлыбритания хусит төңкерісшілеріне жасалған әуе соққысы мәселені шешеді деген пікірде. Хуситтер талқандалса, жүк кемелерінің кешігуі азайып, Қызыл теңіздегі сауда жолы ретке келмек.

Алайда арнайы операция Таяу Шығыстағы қақтығыс ошақтарын көбейтуі ықтимал. Оған Иранның әсері болатын анық. Мысалы, бейсенбіде (11 қараша - ауд.) Иран қарулы күштері Оман бұғазынан өтпек болған АҚШ-тың мұнай танкерін басып алды. Егер жағдай бұлай ұшыға берсе, мұнайдың баррель бағасы 100 долларға дейін өсуі мүмкін», – дейді Фейсал Ислам.

Расында, Еуропаға Суэц каналы арқылы өтетін шикізаттың орны ерек. Батыс Ресейден газ алуды доғарғалы Қатардағы көгілдір отынға тәуелді. Ай сайын Дохадағы жиынның басым дені экономикалық келісім – шикізат саудасына арналғаны жасырын емес. Еуропа мемлекеті кезегімен келісімге келіп, елдеріне жеткізуге асық. Осы орайда теңіз жолы күмәнді болуы ешбір елдің қалауына жатпайды. АҚШ пен Ұлыбританияның Йеменді соққылауының бірінші себебі осы.

4-БЕТТЕ



БАҒАЛАЙ БІЛСЕҢ, БАҚ КЕЛЕР

Отбасы

Әр шаңырақтың өзіндік ұстанымы, алға қойған мақсаты болады. Ортақ отаудың иесі – отағасы болса, киесі – отанасы. Отбасында әйел мен ер арасында татулық, келісім орын алса, сол ұяда тыныштық болып, береке кіріп, ырсы пен ынтымақ орнайды. Отаудың түгіні түзу шығып, ел құрметтейтін құтты шаңыраққа айналуы одақ құрған ерлі-зайыптың сыйластығына байланысты.

Ұрыс-керіс, кикілжің, зорлық-зомбылық орнап, шыркы бұзылған отбасының балалары да күйзеліске ұшырап, айналасына деген сыйластығы бұзылып, мінезі өзгереді.

Сондықтан ата-бабаларымыз «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесің» деп бекер айтпаған. Қоғамдық орта сондай шаңырақтан шыққан баланы тәрбиелегенмен «көң қатса, қалыбына барадының» күйін кешеді.

Әлемде әрбір ұлттың қастер тұтатын асыл мұрасы болады. Ол мұраның ғасырлар бойы құндылығын жоймай бүгінге жетуінің астарында да үлкен сыр бар. Оның сыры – әрбір отбасындағы құндылықтың өмірдегі тәрбие негізіне айналуында. Елдің ел болып қалыптасуы, қоғамның қарыштап дамуы, мемлекеттің биіктерге өркендеуі ең алдымен отбасы тәрбиесіне байланысты. Ұрпақ тәрбиесіндегі отбасылық құндылықтың мемлекет деңгейінде дәріптелуі қашанда маңызды.



Шаңырақ Шаттығы

«Отбасы – шағын мемлекет, Мен – президент, сен – премьер» деп жалынды ақын Қасым Аманжолов жырлағандай отау құрған отбасылардың бақыты өз қолында. Қазір қоғамда өз орнын тауып, еңбек етіп, отауының шырағын жағып, үлгілі бала тәрбиелеп, елге өнеге көрсетіп отырған отбасылар бар. Сондай мерейі тасыған отбасының бірі – «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының қалалық кезеңіне қатысушы қала тұрғындары Иманғалиевтар отбасы.

Құтты шаңырақтың отағасы – Жарас Иманғалиев. Ол 1977 жылы Алматы облысы, Талдықорған қаласы, Лепсі станциясында дүниеге келген. Электромонтер мамандығы бойынша курс оқып, Қазақтелеком компаниясында 1-разрядты электромеханик болып жұмыс істейді. 2005 жылдан аяқкіім жөндеп, өз кәсібін бастаған. Қандай жұмысқа бесаспаптығымен бейімделген. 2010 жылы жұбайы Рәзия Иманғалиевамен шаңырақ көтерді. 2015 жылы Жапсарбай батыр көшесіндегі №179А үйден пәтер алып, Қызылорда қаласына көшіп келеді. Сол уақыттан бері «Қызылорда тазалығы» мекемесінде аула сыпырушы болып еңбек етеді. Бүгінде ерлі-зайыптылар 6 бала өсіріп, тәрбиелеп отырған өнегелі отбасы. Балалары оқу озаты, мектеп белсендісі. Рәзия өзі көрген қиындық пен жетімдіктің азабын балаларына көрмеске екен дейді. Сол үшін балаларына барынша жақсы тәрбие беруден жалыққан емес. Өзі талай қиындықты басынан өткізіп, көпбалалы отбасы

болуды бала кезінен армандады. Қазір сол арманына жетіп отырғанын қуана жеткізді. Балаларын үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсетуге, еңбекқорлыққа, ұқыптылыққа, қайырымды, бауырмал болуға үйретіп келеді.

Соның арқасында бұл жарасымды отбасының ауласы жасыл желекке айналып, жайқалып тұр. Балаларының жетістіктері көңіл қуантады. Шетінен өнерпаз. Балаларының талантын байқаған ата-анасы №7 мектепте білім алып жатқан Лиясты домбыра үйірмесіне жаздырады. Ал қызы №7 мектеп-лицей оқушысы Ғалия Иманғалиеваны фортепиано сыныбына берген. Отбасында гүлдей жайқалып келе жатқан Ғалия мен Лияс өз алуаларына күтім жасап, өзге көршілеріне үлгі көрсетуде. Иманғалиевтар отбасы әрдайым белсенділік көрсетіп, көршілерін өз ауласын жайқалтуға үндеп келеді.

– Аула таза болса, гүлдер жайқалып тұрса көңілің көтеріліп жүреді. Басқа көршілерге де ауланы баптап, гүл өсірудің қыр-сырын айтып отырамын. Қала құрғақ болғандықтан есіктің алдын гүлмен көмкеру өте пайдалы. Балаларымыз да өзімізбен бірге еңбек етуден жалыққан емес. Оларды жастай еңбек етуге баулысаң, ер жеткенде өз ауласын ұқыпты ұстауға машықтанады. Тек еңбекке ғана емес, қазақтың кара домбырасын да үйреніп, ән айтып жүр. Мектепте де оқуын жақсы меңгерген. Бала деген ата-ананың көз қуанышы ғой, – дейді отанасы Рәзия.

Ұлағатты ұл, инабатты қыз өсіріп отырған Иманғалиевтар отбасының өнегелі ісі баршаға үлгі.

ҚҰНДЫЛЫҚ

Жаңа Қазақстан үшін қазақ өркениетін дамыту, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тілін ардақтау маңызды. Отбасы – мемлекетіміздің іретасы. Отбасы – адам баласының өсіп-өнер, қанат жайып, түлеп ұшатын алтын ұясы. Адамның бойындағы мейірімділік пен адалдық, адамгершілік пен тектілік отбасындағы тәрбиенен бастау алады. «Отан – отбасынан басталады» дегендей отанды сүю – отбасы қағидасы. Себебі отбасы – бала тәрбиесінің ең алғашқы баспалдағы. Оның ер жетіп, бойжетіп өсуі, бойындағы алғашқы адамгершілік қасиетінің белгісі отбасында қалыптасуы. Құтты шаңырағымыз бізге күш пен сенімділік беріп, қиындықтан сүрінбей өтуге көмектеседі. Бір сөзбен айтқанда, отбасы – барлық рөл бөлініп қойылған қоғамның шағын моделі. Әр бала санасына салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты, даналық сөзді, тыйым сөзді, тәрбиелік мәні жоғары үлгіні сіңіретін де отбасы. Осы тұрғыдан алғанда отбасы ұлттың қадір қасиетін қалыптастырып, оларды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізе отырып, ұлттық мәдениетті тәрбие арқылы сіңіреді.

Бүгінде жас ұрпақтың тәрбиесінде теңдік және үйлесімділік секілді құндылық болуы маңызды. Яғни ол өзінің өсу, өсею кезінде ақ сүт беріп асыраған ата-анасымен де, ұстазымен де үйлесім таба білуі тиіс. Сонда ғана тұлға бойында рухани қасиет бірте-бірте қалыптасары сөзсіз. Тұлға бойындағы рухани құндылықты қалыптастырудың көзі, отбасы, әулет, әлеуметтік орта, мемлекет болса, ұлттық құндылық, ұлттық салт-сананы, ұлт алдындағы міндет, парызы, намысы,


ұлттық рух, ұлттық салт-дәстүр, тұлға бойындағы ұлттық құндылықтың жоғары көрсеткіші. Ал ұлттық құндылық дегеніміз не? Қарапайым тілмен айтқанда, белгілі бір ұлтқа, ұлт азаматына тән, адами қадір-қасиет, яғни ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық рухани және материалдық құндылық. Оларға меймандостық, кісілік, сыйластық, имандылық, кішіпейілділік, салауаттылық, қайырымдылық, ізгілік, еркіндік, өнерпаздық, сыпайылық, мәдениеттілік, шығармашылық, рухани байлық, махаббат сынды қасиеттер жатады. Кез келген ұлттың сипаты бес қағидаға келіп тіреледі: Біріншісі – тілі, екіншісі – діні, үшіншісі – дәстүрі, төртіншісі – тарихы, бесіншісі – атамекені. Құндылықтар – шынайы ғана болады, ол адамға тәуелді емес, дей тұрғанмен ол ең алдымен адам санасында орын алады. Құндылықтарды сезім арқылы қабылдап, ал сана арқылы түсінуге болады, соның нәтижесінде тұлға құндылықты игереді, соған сай әрекет етеді.

Халқымыздың ардақты перзенті Ж.Аймауытов: «Мен халыққа кіндігіммен байланып қалғанмын. Оны үзе алмаймын. Ұзу қолымнан келмейді» – дейді. Бұл дегеніміз бір адамның тағдыры, тәрбиесі күллі ұлттың тәрбиесіне байлаулы деген сөз. Отбасы жеке құндылықты қалыптастырудың қайнар көзі, тәрбиенің бастауы, балалар санасына ұлттық құндылыққа деген көзқарасты, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпты, даналық сөзді, тәрбиенің жоғары үлгісін сіңіретін де отбасы.



бінесіне байлаулы деген сөз. Отбасы жеке құндылықты қалыптастырудың қайнар көзі, тәрбиенің бастауы, балалар санасына ұлттық құндылыққа деген көзқарасты, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпты, даналық сөзді, тәрбиенің жоғары үлгісін сіңіретін де отбасы.

Каламқас КАРИМОВА,
Қызылорда облысы әкімі жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия хатшысы



Аула таза болса, онда гүлдер жайқалып тұрса көңілің көтеріліп жүреді. Басқа көршілерге де ауланы баптап, гүл өсірудің қыр-сырын айтып отырамын. Қала құрғақ болғандықтан есіктің алдын гүлмен көмкеру өте пайдалы. Балаларымыз да өзімізбен бірге еңбек етуден жалыққан емес. Оларды жастай еңбек етуге баулысаң, ер жеткенде өз ауласын ұқыпты ұстауға машықтанады. Тек еңбекке ғана емес, қазақтың кара домбырасын да үйреніп, ән айтып жүр. Мектепте де оқуын жақсы меңгерген. Бала деген ата-ананың көз қуанышы ғой.

Г.АСҚАРҚЫЗЫ

Аула таза болса, онда гүлдер жайқалып тұрса көңілің көтеріліп жүреді. Басқа көршілерге де ауланы баптап, гүл өсірудің қыр-сырын айтып отырамын. Қала құрғақ болғандықтан есіктің алдын гүлмен көмкеру өте пайдалы. Балаларымыз да өзімізбен бірге еңбек етуден жалыққан емес. Оларды жастай еңбек етуге баулысаң, ер жеткенде өз ауласын ұқыпты ұстауға машықтанады. Тек еңбекке ғана емес, қазақтың кара домбырасын да үйреніп, ән айтып жүр. Мектепте де оқуын жақсы меңгерген. Бала деген ата-ананың көз қуанышы ғой.

Г.АУАХМЕТОВА

